

В-пятых, если нарушение прав явилось следствием преступных действий, то следует обращаться в органы внутренних дел (если речь идет о мошеннических действиях) или в органы прокуратуры (если речь идет о злоупотреблении положением).

Необходимо отметить, что незаконное использование чужого товарного знака, знака обслуживания или наименования места происхождения товара или услуг, а также незаконное использование чужого фирменного наименования, если эти действия не содержат признаков уголовного наказуемого деяния, наступает административная ответственность согласно Кодексу об административных правонарушениях Республики Казахстан [8].

Список литературы:

- 1 Гражданское и торговое право капиталистических государств: Учебник. - М., 1993. – 734 с.
- 2 Гражданский кодекс Республики Казахстан от 1 июля 1999 года № 409-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.07.2017 г.), - Алматы: Издательство: ЛЕМ (Лем), 2017. – 354 с.
- 3 Гражданское право: Учебник. Издание четвертое, перераб. и доп. / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К.Толстого. – М.: Проспект, 1999 – 273 с.
- 4 Право интеллектуальной собственности: Учебное пособие. - М.: Издательство Элит, 2005. – 132 с.
- 5 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). Комментарий (постатейный). В 2 кн. 3-е изд., испр. и доп. с использованием судебной практики / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы, 2007 – 533 с.
- 6 Русское гражданское право: Учебник. - М., 1998. – 264 с.
- 7 Денисов Г. М. Интеллектуальная собственность. Законодательство и практика его применения: Учебное пособие. - М.: Юристъ, 2002. – 127 с.
- 8 Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2017 г.) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЛАСТАНУДАН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

*Оспанова М.Н., Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің заң факультетінің магистранты
Ильясова Г.А., з.ғ.к., доцент, азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры*

Қазір әр мемлекеттің негізгі проблемаларының қатарында экология мәселесі ең өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Әсіресе, Қазақстан Республикасы үшін бұл маңызды проблема. Себебі, халықтың тұрмыстық әл-ауқаты жақсарғанымен, халықтың әлі де болса денсаулығы зардап шегуде. Қоршаған орта тазалығының қолайлы болуы – халықтың денсаулығы мен өмір сүру ұзақтығы үшін маңызды.

Қазақстанда жинақталған қатты тұрмыстық қалдықтардың (бұдан әрі – ҚТҚ) жалпы көлемі 100 млн. тоннаға жуық, бұл ретте, жыл сайын тағы да 5-6 млн. тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтар жинақталады. 2025 жылға қарай бұл цифрлар 8 млн. тоннаға дейін өсуі мүмкін, бұл ретте, пайда болатын қалдықтар полигондарға алдын ала сұрыпталмай және залалсыздандырылмай орналастырылады [1, 53]. Оның бірқатар себептері бар. Алдымен экономикалық себептерді қарастырайық. Мысалы, Алматы мен Астана қалаларында тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыттар іске қосылғаннан кейін тариф мәселесі пайда болды. Олардың мөлшерлері, өкінішке орай, шығындарды жабу мен инвестицияларды тиісінше жабуға жеткіліксіз болып шықты. Сонымен қатар ҚТҚ секторында көрсетілетін қызметке қаражаттың жиналуы сумен қамтамасыз ету және электр энергетикасы саласындағы 95%-дан 100% арасындағы қаражаттың жиналуынан әлдеқайда төмен екенін атап өткен дұрыс. Негізінен халық коммуналдық төлемдерді төлейді. Сумен қамтамасыз ету бойынша елдегі жағдай барынша тұрақты, ал енді ҚТҚ секторында жылумен жабдықтаудағы секілді, осындай жағдайлар орын алуда, қызметті пайдаланушылардың көпшілігі жайдан – жай бұл қызмет үшін ешбір ақша төлемейді. Бұл мәселе өңірлік деңгейде өткір тұрған мәселенің бірі. Өкінішке орай, тұтынушылар сумен және энергиямен қамтамасыз ету қызметіне ықыласпен төлейді, ал ҚТҚ-ны шығаруға төлеу деңгейі тым төмен. Оның үстіне ҚТҚ-ны шығару мен өндеуге белгіленген тариф салыстырып қарағанда аса көп те емес, коммуналдық қызмет үшін төленетін жалпы соманың аз ғана пайызын құрайды [2, 53].

Осы мәселе негізінде мемлекеттік органдардың қалдықтармен жұмыс істеу және оларды бақылау қызметін жүзеге асыруда қазір ғалымдар арасында көптеген даулы мәселе болып тұр. Жалпы көптеген елдерде қалдықтармен жұмыс істеуді ретке келтіріп отыратын заң қабылданған. Америкада, Еуропа мен Ресейде осындай құжаттар бар. Қалдықтарды орналастыру-мемлекеттік органдардың негізгі қызметтерінің бірі. Қалдықтармен жұмыс істеуді мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады [3].

ҚР Экологиялық кодексінің 292-бабына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштарын бөлек жинауды, сақтауды, ұдайы әкетуді, қайта өңдеуді, кәдеге жаратуды және залалсыздандыруды, сондай-ақ елді мекеннің аумағын тазартуды көздейтін, коммуналдық қалдықтарды жинаудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жүйесін ұйымдастыруға жауап береді. Коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын бақылауды жергілікті атқарушы органдар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдар:

1) қайта пайдаланылатын қалдықтар фракцияларын бөлек жинауды және кәдеге жаратуды жүзеге асыруды ұйымдастыру;

2) қалдықтарды уақытша сақтау және өңдеу орындарына тұрақты тасымалдауды және оларды полигондарға орналастыруды ұйымдастыру;

3) органикалық қалдықтарды бөлек жинауға және оларды пайдалануға ынталандыру;

4) құрылыс қалдықтарының тікелей құрылыс алаңдарында немесе арнаулы орында қалдықтардың басқа түрлерінен міндетті түрде бөліп алуды, сондай-ақ қоқыстарда және полигондарда құрылыс қоқыстарын басқа қалдықтармен араластыруға жол бермеуді ұйымдастыру;

5) қалдықтардың бір түрін екінші бір түрімен немесе арнаулы қоспалармен араластыруға тыйым салуды белгілеу;

6) коммуналдық қалдықтарды санкциясыз жағуға жол бермеу;

7) қалдықтардың меншік иелерінің қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі өз міндеттемелерін осы қалдықтарды қайта өңдейтін объектілердің иелеріне беруі үшін жағдайлар жасау;

8) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу туралы дәйекті ақпаратты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға уақтылы беру жүйесін ұйымдастыру арқылы коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезіндегі экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді [4].

Бірақ, қазіргі уақытта ҚР Экологиялық кодексінің талаптарының орындалуы жергілікті атқарушы органдармен қамтамасыз етілмей отыр. Заңнамада қалдықтарды кәдеге жарату міндеті қандай мемлекеттік органға жүктелгені анықталмаған. Қалдықтармен қызмет бойынша мемлекеттік тетіктер әзірленбеген. Есепке алу, кадастр, бақылау сияқты басқарудың маңызды элементтері әртүрлі бөлімшелер арасында бөлінген және салалық сипатқа ие болып отыр [5].

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару қоғамдық қатынастарын мемлекеттік реттеудің негізгі элементі болып осы күрделі процесске қоғамдық бірлестіктердің қатысуы болып табылады. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері ҚР-ның Экологиялық кодексінің 14-бабы және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңымен реттеледі. Бір жағынан бұл нормативтік актілерде қоғамдық бірлестіктердің өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бойынша қызметіне тікелей нұсқаулар, сілтемелер жоқ болғанымен, мұнда қоғамдық бірлестіктерге белгілі бір талап қоюға құқық беретін нормалар көзделген. Мысалы, кәсіпорындарды, құрылыстар мен экологиялық жағынан қауіпті өзге де объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру туралы шешімдердің әкімшілік немесе сот тәртібімен күшін жоюды, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың қоршаған орта мен адам денсаулығына теріс әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметін шектеу, тоқтата тұру және тоқтату туралы шешім шығаруды талап етуге; жеке және (немесе) заңды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы салдарынан азаматтардың денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның өтелуі туралы сотқа талап-арыз беруге; қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін, оның ішінде белгіленбеген тұлғалар тобының мүдделерінде сотқа жүгінуге құқылы. Осы нормалардан көріп отырғанымыздай, экологиялық қоғамдық бірлестіктер қалдықтарды қайта өңдейтін кәсіпорындарды немесе тұрмыстық қалдықтар көмілетін полигондарды орналастыру сұрақтарына белсенді түрде әсерін тигізе алады [6, 221].

Халықаралық тәжірибелерге сүйенер болсақ, дамыған мемлекеттер тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуден өткізуді дұрыс деп санайды. Мысал келтіретін болсақ, Германияда қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстың 30 пайызы, Жапонияда 30 пайызы, АҚШ-та 27 пайызы, Швейцарияда 25 пайызы қайта өңделеді. Қазақстандағы қатты тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстың 97 пайызы далаға төгіледі. Тек 3 пайызы ғана өртеледі. Бұл ойланарлық жайт болып тұр [7, 502].

Қайталама қалдықтарды, соның ішінде улы қалдықтарды өңдеудің әлемдік тәжірибесі Қазақстанда қолданылмайды. Қалдықтар арнайы полигондарға жинағыштарға және арнайы қоймаларға жиналады, сөйтіп техногендік қалдықтар жиналған ландшафтылардың көлемі ұдайы өсіп келеді. Қазақстандағы коммуналдық қалдықтардың негізгі бөлігі (95%) кәдеге жаратылмайды, бұл топырақтың, жер асты және жер үсті суларының, атмосфералық ауаның ластануына алып келеді. Қалалардағы тұрмыстық қатты қалдықтарды мезгілінде жинап, залалсыздандырмаса, қоршаған ортаны ластап, бүкіл тіршілікке, оның ішінде адамға зиянды әсерін тигізеді. Германия, Чехиядағыдай тұрмыс қалдықтарын саналы түрде топтастыру тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату мәселесінің оңайырақ шешілуіне жол ашар еді. Ал қазіргі таңда қалалардың маңайындағы ұйымдастырылмаған қалдықтар үйінділері жер бетінің және жер асты суларының ластануының негізгі себепшілерінің бірі болып отыр. Стихиялық қалдықтарды залалсыздандыру мен өңдеу мақсатындағы инфрожүйелерді дамыту, өндірісте пайдаланылған үлкен қалдықтарды екінші қайтара игеруді жүзеге асыру үшін шетелдік тәжірибеге сүйену қажет.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тұрғындарды жұмылдыра отырып сұрыптау жүйесінің болмауы, сондай-ақ арнайы алаңдардың болмауы мен полигондардың шалғайлығы санкцияланбаған үйінділердің өсуіне алып келеді. Қоршалған контейнер алаңдары санының жеткіліксіз болуы, сондай-ақ контейнерлердің тозуы көпқабатты үйлердің айналасында антисанитариялық ахуалдың орын алуына әкеп соқтырады.

Биологиялық ыдырайтын қалдықтар қоршаған ортаға едәуір жүктеме түсіреді, өйткені олар ыдыраған кезде климаттың өзгеруіне әсерін тигізетін үйінді газы пайда болады, биологиялық қалдық шірігеннен пайда болған өнімдер патогенді микрофлораның түзілуіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта биологиялық қалдықтардың бәрі үйінділерге алдын-ала залалсыздандырылмай шығарылады. Қалдықтардың бұл бөлігін кәдеге жарату жөніндегі технологиялық шешімдердің нұсқалары қалдықтардың көлеміне және климаттық жағдайларға байланысты. Түзілетін биологиялық қалдық көлемі ұлғайған жағдайда, сарқынды суларды тазарту кезінде алынатын қалдықтармен (кәріздік тазарту құрылыстарының пайдаланылған активті тұнбасы) үйлестіре отырып, биогаз қондырғыларын салуға болады, өйткені, пайдаланылған белсенді тұнбаны қауіпсіз әрі тиімді кәдеге жаратудың өзі кәріздік сарқынды суларды тазарту бойынша кәсіпорындардың көпшілігінің алдында тұрған мәселе болып табылады.

Қазіргі кезде Ақтөбе облысы бойынша, АҚ «Ақтөбе хром қосындылары зауыты» аса ірі қоршаған ортаның ластаушысы болып танылды. Еш тазартылмай атмосфераға шығарылатын зауыт шығарындылары 80 %-дан аса газ тәрізді қосындыларды құрайды, оның 60 % көміртегі тотығы. Балхаш ауданында да Балқаш тау-кен металлургиялық комбинаты (БГМК), АҚ «Қазақмыс Корпорациясы» өндірістік қызметімен байланысты осындай экологиялық жағдай туындаған болатын. Балқаш тау-кен металлургиялық комбинатын «Самсунг Дойчланд ГмБХ» шетел фирмасына сыртқы басқаруға берілген сәттен бастап, атмосфераға зиянды заттар шығарындылар көлемі жылына 300 ден 700 мың тоннаға дейін көтерілген болатын [8, 98].

Қалдықтармен жұмыс істеу бойынша еліміздің облыстарында әлі де болса мемлекеттік реттеу жүргізілуі дұрыс жолға қойылмай келеді. Мысалы, Батыс Қазақстан облысы бойынша, арнайы полигондардың болмауына байланысты, 200 тоннадан астам, қауіптілік деңгейі 1-2 класты қалдықтар өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап, әдейі жабдықталған ашық алаңдарда темір ыдыстарда сақталынып келеді. Уақыт өткен сайын ыдыстар жаңартылып отырады. Қоймаларда сақталған қауіптілігі, 3-4 класты қала төңірегіндегі қалдықтар мен тұрмыстық қалдықтар орындарының жойылуына байланысты химикаттар мен тыңайтқыштар сақталатын орындарға бақылаудың болмай қалуы қоршаған орта мен адамдар өміріне қауіп төндіруде. Сонымен бірге, осы уақытқа дейін Байқоңыр ғарыш айлағындағы радиоктивті қалдықтарды сақтау, алаңдағы қалдықтарды сақтау және залалсыздандыру мәселесі өз шешімін таппай отыр. Бұл мәселе де мемлекеттік реттеу жүйесіне өзгерістер әкелуді талап етеді. Дегенмен, Қызылорда облысы бойынша өндірістік және тұрмыс қалдықтарының санитарлық және экологиялық талаптарға сай сақталмауы және орналастырмауы кейбір жағдайларда адамдардың денсаулығына зиянын тигізіп, табиғи ресурстардың ластануына әкеліп соғуда.

Қазіргі күні тұрмыстық қалдықтарды шығару және орналастыру жергілікті атқарушы органдар белгілеген жерлерге шығарылуда. Соңғы жылдары аудан орталықтарындағы барлық қатты тұрмыстық қалдықтарды тастайтын полигондар қалпына келтіріліп, жөндеуден өткізілген. Полигондар қоршалып, қызмет үйлері, залалсыздандыру тосқауылы салынып, қалдықтар тастайтын шұңқырлар қазылғанымен, қалдықтарды залалсыздандыруға, сұрыптауға, қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға сәйкестірілген қажетті жабдықтар болмауы қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметіне кедергі болып келе жатыр.

Тұрмыстық қалдықтарды утилизациялау және өңдеу әдістеріне келетін болсақ, олардың әлемде кең таралған түрлерінің бірі болып термиялық әдістер болып табылады. Тұрмыстық қалдықтарды утилизациялау және өңдеудің термиялық әдістері – пиролиз және жағу. Тұрмыстық қатты қалдықтарды термиялық өңдеу оларды залалсыздандыра отырып, жылу энергиясын, сонымен қатар олардың құрамындағы темірді алуға мүмкіндік береді.

Қатты тұрмыс қалдықтары құрамының күрделілігіне қарамастан төменгі сортты отын ретінде қарастыруға болады (жаққан кезде оның бір тоннасынан 1000-1200 Гкал жылу бөлінеді). Қалдықтарды термиялық өңдеу оларды залалсыздандырып қана қоймай, одан жылу энергиясын алуға мүмкіндік береді және оның құрамындағы металл сынықтарын да бөліп алуға болады. Қалдықтарды жағу процесін толық автоматтандыруға және жұмысшылар санын қысқартуға болады. Егер антисанитарлық материалдармен жұмыс істелінетінін ескерсек, бұл жайт ерекше маңызды болып табылады.

Қатты тұрмыс қалдықтарын залалсыздандыру және олардың көлемін азайту мақсатында, ХІХ ғасырдың соңынан бастап оларды жағу әдісі қолданыла бастады. Қатты тұрмыс қалдықтарын өңдеудің күрделілігі біріншіден, оның көп компоненттілігінде, екіншіден оларды өңдеуге қойылатын санитарлық талаптардың жоғарылығында. Осыған байланысты жағу әдісі осы кезге дейін тұрмыс қалдықтарын өңдеудің кең тараған әдістерінің бірі болып отыр. Қалдықтарды жағу күрделі химиялық процесс, тотығу-тотықсыздану сипаты бар элементарлық химиялық реакциялардан тұрады. Тұрмыс қалдықтарын жағу оның көлемі мен салмағын азайтуға мүмкіндік беріп қана қоймай, қосымша энергетикалық ресурстар алуға мүмкіндік береді. Әдістің кемшілігі атмосфералық ауаға зиянды заттар бөлінеді, сонымен қатар қалдықтың құрамындағы пайдалы заттар жойылады. Шетелдерде қалдық жағатын заводтарда шығарым газдары екі сатылы тазартудан өтеді, ондаған зиянды компоненттерден, соның ішінде дибензодиоксин және дибензофураннан тазартылады. Жағу процесіне дейін қатты қалдықтарды алдын ала бөліп дайындап алу, газдардағы және шлактардағы зиянды заттардың мөлшерін біршама азайтуға мүмкіндік береді.

Қалдықтарды жағумен салыстырғанда, қатты тұрмыс қалдықтарын өңдеудің перспективті әдісі болып пиролиз есептеледі. Бұл процесс қатты тұрмыс қалдықтарының қоршаған ортаға зиянды әсерін күрт төмендетеді және газ, май, смола, секілді пайдалы өнімдерді алуға жол ашады. Пиролиз көмегімен қалдықтардың құрамындағы утилизациялауға келмейтін заттарды, мысалы, пластмассаларды, майларды, тұнбаларды өңдеуге болады. Пиролизден соң биологиялық белсенді заттар қалмайды, сондықтан пиролиз қалдықтарын жер астына көмудің табиғи ортаға зияны жоқ.

Осы әдісті қолданатын заводтарға тоқталатын болсақ, Данияда өнімділігі 5 т/тәу, Destrugas тәсілімен жұмыс істейтін жартылай өнеркәсіптік пиролиздік қондырғы салынған.

Ал АҚШ-та өнімділігі 75 т/тәу Тогтах тәсілімен жұмыс істейтін тәжірибелік завод салынған. Сонымен пиролиз әдісі қатты қалдықтарды алдын ала дайындықсыз-ақ өңдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы әдіс арқылы жағуға қолайсыз ылғалдығы жоғары қалдықтарды да өңдеуге болады. Пиролиз әдісімен жұмыс істейтін заводтардың айырмашылығы мынада: қалдықтарды өңдеудің температуралық режимдерінің әр түрлілігінде және алынатын өнімдерінде. Қалдықтарды өңдеудің осы әдісі қалдықтарды жағумен салыстырғанда қоршаған ортаны қорғау талаптарына сай келеді [9]

Еліміз қалдықтарға қатысты халықаралық шарттарға қол қойған. Соған қарамастан, әлі күнге дейін қалдықтармен жұмыс істейтін мемлекеттік басқару жүйесі жасақталмай келеді.

Бүгінде маңызды сұрақтың бірі - қатты қалдықтарды экологиялық және экономикалық қолайлы басқарудың болмауы болып табылады. Әрбір қоқыс шығаратын ұйымдар мен аудандарға экологиялық және экономикалық талаптарды саралау қажет. Бізде әлі де қоқыстары бар объектілер тексерістері қайталама қалдықтарды қайта өңдеу, тасымалдау, көму және қатты тұрмыстық қалдықтарды есепке алу бойынша айқын нормативтік құқықтық база жоқ. Жекеше жинастыру жүйесі жоқ және кәдеге жарату бойынша инфрақұрылым мен өндірістік күш-қуат нашар дамыған. Қазақстанда қазіргі уақытта бақылау – қадағалау және лицензиялау ұйымдары арасында функциялары мен өкілеттіктердің аражігін ажырату туралы ереже, оған қоса радиациялық қауіпсіздік сұрақтары бойынша тексерістерді ұйымдастыру үшін нормативті - құқықтық база жоқ.

Біздің еліміз қалдықтарды басқаруды құқықтық реттеу бойынша дамыған мемлекеттерден бірнеше ондаған жылдарға артта қалып отыр, әлеуметтік-экологиялық және табиғи шарттары бойынша бізге көбірек ұқсас Ресей мемлекетінің өзінен орташа 6-7 жылдарға, ал жеке бағыттар бойынша шамамен 10-12 жылға артта қалып отырмыз. Ресей Федерациясының «Өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы» Федеративтік Заңы 24.06.1998 жылы қабылданған болатын [10], оның дамуына бірнеше ондаған маңызды заңға бағынышты актілер бекітілген.

Осыған сәйкес Қазақстандағы өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бойынша туындаған мәселеге байланысты Үкіметтік бағдарламалар мен құқықтық базаны әзірлеп, қабылдауға және табиғат қорғау және санитарлық қызметтің бақылау жұмыстарын күшейту қажет. Компанияларда қалдықтарды қайта өңдеу және жою бойынша экономикалық ынталандыру пайда болуы керек. Қалдықтармен байланысты коммерциялық қызметті дамыту қажет.

Жоғарыдағы айтылған маңызды мәселелердің төңірегінде және шетел тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстанда «Өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы» Заңын әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймыз.

Біз ұсынып отырған «Өндіріс және тұтыну қалдықтары туралы» Заңының құрылымы келесідей болғаны жөн:

I тарау: «Жалпы ережелер, қалдықтардың түрлері, негізгі ұғымдар»;

II тарау: «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары қызметін басқару бойынша мемлекеттік органдардың құзыреті»;

III тарау: «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары қызметіне қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың атсалысуы»;

IV тарау: «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары қызметінің тәртібін реттеу, лицензиялау, кадастры, бақылау және сараптамасы»;

V тарау: «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары қызметін ынталандырудың экономикалық тетігі»;

VI тарау: «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік»;

VII тарау: «Өндіріс пен тұтыну қалдықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастық».

Әдебиеттер тізімі:

1 Махамедова Б.Ж. Алматы қаласының тұрмыстық қатты қалдықтарын экологиялық бағалау. // ҚР ҰҒА хабарлары. Аграрлық ғылымдар сериясы. - 2016. - № 1. - Б. 53-57.

2 Мамраев Ф. ҚТҚ басқару аясындағы бизнес өте пайдалы болуда. Устойчивые города: Энергетика.Транспорт. ЖКХ. Отходы. // Ежеквартальный бюллетень. - 2016. - №1. - С. 52-54

3 Саниязова Е. Қазақстан Республикасының заңнамасын экологияландыру // <http://group-global.org/kk/publication/23093-kazakstan-respublikasynyn-zannamasyn-ekologiyalandyru-kazakstan-respublikasynyn>

4 Қазақстан Республикасы экологиялық кодексі. 9.01.2007 ж. // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212_

5 Оспанов А. Правовые вопросы охраны природы при обращении с отходами производства и потребления // Правовая реформа в Казахстане: информационно-аналитический журнал. – Алматы, 2000. // <https://articlekz.com/article/4747>

6 Сайпинов Д. Понятие и содержание охраны окружающей среды от загрязнения отходами производства и потребления. // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2014. - №2 (70). - С.217-221.

7 Тастандиева Н.Б. «Қаржылық тұрақсыздық кезіндегі қазақстандағы тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу проблемасы (Алматы облысының мысалында)» // «VI – Рыскуловское чтение»: «Социально-экономическая модернизация Казахстана в условиях глобальной финансовой нестабильности». Материалы международной научно-практической конференции. 16-18 май 2012 г. – Алматы: ТОО «Экономика». - 2012. - С.502-506 .

8 Курманова А.К. Новые подходы к правовому регулированию обращения с отходами в свете принятия Экологического кодекса Республики Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2009. - № 2(50). - С. 98-102.

9 Ашимханова З.С., Керейбаева Г.Х. Пиролиз – урбанизация қалдықтарын термиялық өңдеу әдісі ретінде // <http://portal.kazntu.kz/files/publicate/%20%D0%9E%D1%82%D1%85%D0%BE%D0%B4%D1%8B.pdf>

10 Федеральный закон от 24.06.1998 N 89-ФЗ (ред. от 28.12.2016) «Об отходах производства и потребления» // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_19109/